Әділет

# Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және айналымы декларацияларын тапсыру ережесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 17 қыркүйектегі N 461 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6564 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 439 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.09.25 № 439 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңның 4-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және айналымы декларацияларын тапсыру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуді және келесі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. «Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және айналымы декларацияларын тапсыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы № 363 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 28 маусымда № 4768 болып тіркелген , Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған 2007 жылғы, сәуір-маусым), «Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және айналымы декларацияларын тапсыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2007 жылғы 31 мамырдағы № 363 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 1 желтоқсандағы № 596 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 29 желтоқсанда № 5436 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілерінің № 1 жинағында жарияланған 2009 жылғы) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Б. Жәмішев*

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2010 жылғы 17 қыркүйекте
№ 461 бұйрығымен
бекітілген

## Этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру және айналымы декларацияларын тапсыру ережесі

1. Осы, этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру және айналымы декларацияларын тапсыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 4-бабының 2-тармағының 4-тармақшасына сәйкес әзірленген және этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірілуі және айналымы декларацияларын (бұдан әрі - Декларациялар) тапсыру тәртібін белгілейді.

2. Этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірілуі және айналымы көлемдерін декларациялау, этил спиртінің немесе алкоголь өнімдерінің өндірілуі және айналымы туралы мәліметтер көрсетілетін декларацияларды табыс ету арқылы жүргізіледі (алкоголь өнімдерін бөлшек сатуға және сақтауға арнайы лицензиялары бар тұлғалардың алкоголь өнімінің бөлшек саудада сату жөніндегі мәліметтерін қоспағанда).

3. Декларациялар жеке және заңды тұлғалармен ақпараттық жүйенің көмегімен электрондық түрде ай сайын есептіден кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей ай сайын салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің орналасқан және (немесе) тіркеу орны бойынша, жері бойынша салық органына (бұдан әрі – салық органы) тапсырылады.

4. Жеке және заңды тұлғалар Декларацияны тапсыру мерзімі аяқталуға дейін үш жұмыс күні ішінде осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес қағаз жүзінде және электрондық түрде Декларацияны тапсыру мерзімін ұзарту туралы өтінішті ( бұдан әрі – өтініш) салық органына тапсырады.

Салық органы өтініш түскеннен кейін, декларацияның тапсыру мерзімін ұзартады, бірақ ол мерзім 10 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

5. Осы ережеге сәйкес тапсырылатын декларациялар, жеке және заңды тұлғалардың электрондық цифрлық қолымен қойылуы керек.

6. Алкогольдік өнімдер мен этил спиртінің өндірілуі мен айналымы көлемін

декларациялауда қолданатын өлшеуіш бірлігі, декалитр болып табылады (бұдан әрі - дал) және 1 дал 10 литрге тең болады.

Сонымен қатар, сатылуды жүзеге асырған кезде, 1 далға шаққандағы қойылған өнімнің жалпы сомасы қосымша құн салығын қоса алғанда мың теңгемен көрсетіледі.

7. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мәселелері бойынша» Қазақстан Республикасының 2007 жылдағы 12 қаңтарынан Заңына сәйкес осы ережеге сәйкес табыс етілетін декларациялардағы және оларға қосымшаларында көрсетілетін «СТН» жолдары мен бағандар 2012 жылдың 1 қаңтарына дейін міндетті толтыруға жатқызылады, ал «ЖИН/БИН» жолдары мен бағаналары 2012 жылдың 1 қаңтарынан кейін толтырылады.

8. Этил спирті және (немесе) шарап материалының өндірілуі және айналымы бойынша декларациясы (бұдан әрі – 1-Декларация) этил спиртінің өндірілуіне лицензиясы немесе лицензияға қосымшасы және (немесе) шарап материалының өндірілуіне лицензиясы немесе оған қосымшасы негізінде этил спирті және ( немесе) шарап материалының өндірісін және айналымын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар Осы ережеге 2-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша салық органына толтырады.

9. «СОК» жолында, 1-Декларацияны тапсыратын, салық органының коды көрсетіледі.

10. «СТН» жолында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі (бұдан әрі - СТН).

11. «ЖИН/БИН» жолында салық төлеушінің жеке идентификациялық нөмірі немесе бизнес-идентификациялық нөмірі (бұдан әрі – ЖИН немесе БИН) көрсетіледі, оның бар кезінде.

12. «Субъектінің атауы» жолында 1-Декларацияны табыс ететін этил спиртін және (немесе) шарап материалын өндірушінің атауы көрсетіледі.

13. «Есепті кезең» жолында, этил спиртін және (немесе) шарап материалын өндіруші аталған 1-Декларацияны табыс ететін есепті кезең (ай) көрсетіледі.

14. «Есептілік түрі» жолында, қосымша немесе негізгі есептілік көрсетіледі.

15. 1-бағанда, жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

16. 2-бағанда, этил спиртін немесе шарап материалы өндірісіне лицензиядағы немесе лицензияға қосымшадағы қызметін жүзеге асыратын мекен-жайы көрсетіледі.

1-Декларациясының бағандары лицензияда немесе лицензияның қосымшасында көрсетілген этил спирті немесе шарап материалын өндіру бойынша қызметін жеке және заңды тұлғалардың әрбір мекен жайы бойынша толтырылады.

17. 3-бағанда, акциз төленетін бюджеттік классификациялық коды (бұдан әрі

– БКК) көрсетіледі.

18. 4-бағанда, импорт немесе экспорт кезінде, шарап өнімдері немесе этил спиртінің сыртқы-экономикалық қызметіне арналған, тауар номенклатурасының коды (бұдан әрі – СЭҚ ТН) көрсетіледі.

19. 5-бағанда, импорт немесе экспорт кезінде, шарап өнімдері немесе этил спиртінің СЭҚ ТН атауы көрсетіледі.

20. 6-бағанға, өнім түрі көрсетіледі (этил спирті немесе шарап материалы).

21. 7-бағанда, есепті кезеңнің басындағы, өндірушінің шарап материалдары немесе этил спиртінің көлемі, дал бойынша көрсетіледі.

Осы көрсеткіш, алдыңғы есептілік кезеңінің соңғы қалдығынан көшіріледі.

Этил спирті мен (немесе) шарап материалдарын өндіру қызметін жаңадан бастаған жеке немесе заңды тұлғалар, осы бағананы толтырған кезде этил спирті мен шарап материалдарының қалдығын нөлдік көрсеткішпен көрсетеді.

22. 8-бағанда, өндіруші-кәсіпорындардың өздері өндірген және есепті кезең ішінде басқа да өнім берушілерден алған этил спиртінің немесе шарап материалдарының жалпы саны көрсетіледі, дал бойынша (8-бағана = 9-бағана + 10-бағана).

23. 9-бағанда, өндірген этил спиртінің немесе шарап материалдарының көлемі көрсетіледі, дал бойынша.

24. 10-бағанда, басқа да өнім берушілерден алған, сонымен қатар есепті кезеңі ішінде импортталған және бұрын сатылған этил спиртінің немесе шарап материалдарының көлемі көрсетіледі, дал бойынша.

Егерде, басқа да өнім берушілерден этил спирті немесе шарап материалдары туралы мәлімет жоқ болса, аталған 1-Декларацияның 2-қосымшасы толтырылмайды.

25. 11-бағанда, жұмсалған этил спиртінің немесе шарап материалдарының жалпы көлемі көрсетіледі, (11-баған = 12-баған + 14-баған + 16-баған + 18-баған + 20-баған + 22-баған + 23-баған + 24-баған).

26. 12-бағанда және 13-бағанда өз өндірісіне жұмсаған этил спиртінің немесе шарап материалдарының жалпы көлемі, сәйкесінше далл және мың теңгеде көрсетіледі.

27. 14-бағанда және 15-бағанда алкоголь өнімдерін өндіру үшін басқа өндірушілерге сатқан этил спиртінің немесе шарап материалдарының көлемі, сәйкесінше далл және мың теңгеде көрсетіледі.

28. 16-бағанда және 17-бағанда экспортқа сатылған этил спиртінің немесе шарап материалдары көлемі, сәйкесінше далл және мың теңгеде көрсетіледі.

29. 18-бағанда және 19-бағанда өндіруші кәсіпорынның алкоголь өнімін өндірумен байланысты емес техникалық қажеттіліктеріне пайдаланылған этил спиртінің көлемі, сәйкесінше далл және мың теңгеде көрсетіледі.

30. 20-бағанда және 21-бағанда медициналық мақсатқа байланысты алушыларға сатылған этил спиртінің көлемі, сәйкесінше далл және мың теңгеде көрсетіледі.

Егерде, сатылу туралы мәлімет жоқ болса, аталған 1-Декларацияның 2-қосымшасы толтырылмайды.

31. 22-бағанда, этил спиртінің немесе шарап материалдары өндірісі барысындағы орын алған өндірістік шығындары, дал бойынша көрсетіледі.

32. 23-бағанда, этил спиртінің немесе шарап материалдары тәркіленген, бұзылған, жоғалған басқа да шығындарының көлемдері, дал бойынша көрсетіледі.

33. 24-бағанда, төтенше жағдайларға байланысты этил спиртінің немесе шарап материалдары бұзылған, жоғалған басқа да шығындарының көлемдері, дал бойынша көрсетіледі.

34. 25-бағанға, есепті кезең соңында өндірушіде қалған этил спиртінің немесе шарап материалдары қалдығының көлемі, дал бойынша көрсетіледі (25-баған = 7-баған + 8-баған – 11-баған).

35. Этил спиртінің немесе шарап материалының жеткізуші туралы мәліметтер басқа жеткізушілерден этил спирті мен шарап материалын алғанда және есепті кезеңде бұрында сатылған өнімді қайтарған жағдайда 1-Декларацияға 1-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша (бұдан әрі – 1-1-Мәліметтер) жеке және заңды тұлғалар толтырады.

36. «СОК» жолында 1-1-Мәліметтер тапсырылатын, салық органының коды көрсетіледі.

37. «СТН» жолында салық төлеушінің СТН көрсетіледі.

38. «ЖИН/БИН» жолында салық төлеушінің ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

39. «Субъектінің атауы» жолында 1-1-Мәліметтерді табыс ететін этил спирті және (немесе) шарап материалы өндірушінің атауы көрсетіледі.

40. «Есепті кезең» жолында, этил спиртінің және (немесе) шарап материалының өндіруші 1-1-Мәліметтерді табыс ететін есепті кезең (ай) көрсетіледі.

41. «Есептілік түрі» жолында, қосымша немесе негізгі есептілік көрсетіледі.

42. 1-бағанда, жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

43. 2-бағанда, этил спиртін немесе шарап материалын өндіру қызметіне арналған лицензиядағы немесе лицензияға қосымшадағы мекен-жайы көрсетіледі.

1-1-Мәліметтердің бағандары этил спиртін немесе шарап материалын өндіру бойынша қызметін жүзеге асырудың әрбір мекен жайы бойынша бөлек толтырылады.

44. 3-бағанда этил спирті немесе шарап материалын жөнелту түрі көрсетіледі (Қазақстан Республикасына әкелу, ішкі нарықтан жеткізу).

45. 4-бағанда этил спирті немесе шарап материалын жөнелту мақсаты көрсетіледі (алкогольдік өнімдер өндірісі, техникалық қажеттілік үшін медициналық мақсатқа, осыдан әрі сатылған өнімді қайтару).

46. 5-бағанда, этил спирті немесе шарап материалын жеткізушінің СТН көрсетіледі.

47. 6-бағанда, этил спирті немесе шарап материалын жеткізушінің ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

48. 7-бағанда, этил спирті немесе шарап материалын жеткізушінің атауы көрсетіледі.

49. 8-бағанда, этил спирті немесе шарап материалын жеткізушінің лицензиясының нөмірі көрсетіледі.

50. 9-бағанда, этил спирті немесе шарап материалын жеткізушінің лицензиясының берілген күні көрсетіледі.

51. 10-бағанда, Қазақстан Республикасына үшінші елдерден әкелінген этил спирті немесе шарап материалының көлемі көрсетіледі.

52. 11-бағанда, Қазақстан Республикасына Ресей Федерациясынан әкелінген этил спирті немесе шарап материалының көлемі көрсетіледі.

53. 12-бағанда, Қазақстан Республикасына Белорусь Республикасынан әкелінген этил спирті немесе шарап материалының көлемі көрсетіледі.

54. 13-бағанда, Қазақстан Республикасына әкелінгеннен басқа бұрында жеткізілген, сатылған, қайтарылған этил спирті немесе шарап материалының көлемі көрсетіледі.

55. 14-бағанда, акциз төленетін БКК көрсетіледі.

56. 15-бағанда, сатылған немесе тиеп жөнелтілген этил спирті немесе шарап материалының түрі көрсетіледі.

57. 16-бағанда, Қазақстан Республикасына этил спирті немесе шарап материалының импорты кезінде СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

58. 17-бағанда, Қазақстан Республикасына этил спирті немесе шарап материалының импорты кезінде СЭҚ ТН кодының атауы көрсетіледі.

59. 18-бағанда, Үшінші елдерден Қазақстан Республикасына этил спирті немесе шарап материалының импортталатын тауарларына декларацияның (бұдан әрі – ТД) нөмірі көрсетіледі.

60. 19-бағанда, үшінші елдерден Қазақстан Республикасына этил спирті немесе шарап материалына ТД рәсімдеу мерзімі көрсетіледі.

61. Этил спирті немесе шарап материалын алушы туралы мәлімет есепті кезеңде өндірушімен этил спирті немесе шарап материалының сатылымы және өзге де шығындардың бар болған жағдайды Декларация 1 қосымша 2 (бұдан әрі –

1-2-Мәліметтер) сәйкес нысанда жеке немесе заңды тұлғалармен толтырылады.

62. «СОК» жолында 1-2-Мәліметтер тапсырылатын, салық органының коды көрсетіледі.

63. «СТН» жолында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

64. «ЖИН/БИН» жолында салық төлеушінің ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

65. «Субъектінің атауы» жолында, 1-2-Мәліметтерін тапсыратын этил спиртін (және) немесе шарап материалын өндірушінің атауы көрсетіледі.

66. «Есепті кезең» жолында этил спиртін және (немесе) шарап материалын өндіруші 1-2-Мәліметтер табыс ететін есепті кезең көрсетіледі.

67. «Есептілік түрі» жолында қосымша немесе негізгі есептілік көрсетіледі.

68. 1-бағанда, жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

69. 2-бағанда, лицензиядағы немесе лицензияға қосымшадағы көрсетілген этил спиртін немесе шарап материалын өндіру бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың мекен-жайы көрсетіледі.

1-2-Мәліметтердің бағандары лицензияда немесе лицензияға қосымшасында көрсетілген этил спирті мен шарап материалы өндірісі бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың әрбір мекен жайы бойынша бөлек көрсетіледі.

70. 3-бағанда этил спиртін немесе шарап материалын жөнелту түрі көрсетіледі (экспортқа, ішкі нарыққа, өзінің құрылымдық бөлімшелеріне, құрылымдық бөлімшенің заңды тұлғасына).

71. 4-бағанда этил спиртін немесе шарап материалын жөнелту мақсаты көрсетіледі (алкоголь өнімін өндіру үшін, техникалық қажеттіліктері үшін, алкоголь өнімін өзіндік өндірісіне және басқа да мақсаттарға).

72. 5-бағанда этил спиртін немесе шарап материалын алушының СТН көрсетіледі.

73. 6-бағанда этил спиртін немесе шарап материалын алушының ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

74. 7-бағанда этил спиртін немесе шарап материалын алушының атауы көрсетіледі.

75. 8-бағанда этил спиртін немесе шарап материалын алушының лицензиясының нөмірі көрсетіледі.

76. 9-бағанда этил спиртін немесе шарап материалын алушының лицензиясының берілген күні көрсетіледі.

8-9 бағандары алкоголь өнімін өндіру үшін этил спиртін немесе шарап материалын жөнелту жағдайы кезінде толтырылады.

77. 10-11-бағаналар өзіндік өндірісіне, экспортқа, құрылымдық бөлімшелеріне, заңды тұлғаға және оның құрылымдық бөлімшелеріне

жөнелтілген этил спирті немесе шарап материалының сату немесе жөнелтілген көлемдері көрсетіледі, сәйкесінше далл және мың теңгеде.

78. 12-бағанда акциз төленетін БКК көрсетіледі.

79. 13-бағанда жөнелтілген өнім түрі көрсетіледі (этил спирті немесе шарап материалы).

80. 14-бағанда этил спирті немесе шарап материалының экспорты кезінде тауарға берілетін СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

81. 15-бағанда этил спирті немесе шарап материалының экспорты кезінде тауарға берілетін СЭҚ ТН атауы көрсетіледі.

82. 16-бағанда этил спирті немесе шарап материалының экспорты кезінде ТД нөмірі көрсетіледі.

83. 17-бағанда этил спирті немесе шарап материалының экспорты кезінде ТД рәсімдеу мерзімі көрсетіледі.

84. Алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы бойынша декларациясы ( бұдан әрі – 2-Декларация) алкоголь өнімінің өндірісіне лицензиясы негізінде осы Ережеге 3-қосымшасының нысаны бойынша салық органына алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалармен тапсырылады.

85. «СОК» жолында алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы бойынша декларация табыс етілетін салық органының коды көрсетіледі.

86. «СТН» жолында салық төлеушінің «СТН» көрсетіледі.

87. «ЖИН/БИН» жолында салық төлеушінің ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

88. «Субъектінің атауы» жолында алкоголь өнімін өндіруші көрсетіледі.

89. «Есептік кезең» жолында 2-Декларация табыс ететін алкоголь өнімін өндіруші есептік кезең (ай) көрсетіледі.

90. «Есептің түрі» жолында есептің негізгі немесе қосымша түрі көрсетіледі.

91. 1-бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

92. 2-бағанда лицензия немесе лицензияның қосымшасында көрсетілген алкоголь өнімін өндіру бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың мекен жайы көрсетіледі.

2-Декларацияның бағандары лицензия немесе лицензияның қосымшасында көрсетілген алкоголь өнімін өндіру бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың әрбір мекен жайы бойынша бөлек толтырылады.

93. 3-бағанда акциз салығы төленетін БКК көрсетіледі.

94. 4-бағанда алкоголь өнімінің импорты немесе экспорты кезінде СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

95. 5-бағанда алкоголь өнімінің импорты немесе экспорты кезінде СЭҚ ТН атауы көрсетіледі.

96. 6-бағанда алкоголь өнімінің түрі көрсетіледі.

97. 7-ші бағанда алкоголь өнімінің (сырадан басқа) әрбір түрінің құрамындағы сусыз спирттің пайыз қатынасы көрсетіледі.

98. 8-бағанда есепті кезеңнің басындағы алкоголь өнімінің әрбір түрі бойынша жалпы қалдық көрсетіледі.

Бұл көрсеткіш алдыңғы есепті кезеңінің қалдығынан ауысады. Аталған қызмет түрін алғашқы рет бастаған заңды немесе жеке тұлғалар, бұл бағананы толтырған кезде алкоголь өнімінің нөл қалдығын көрсетеді.

99. 9-бағанда алкоголь өнімдерінің жалпы кірісі көрсетіледі (бағана 9 = бағана 10 + бағана 11).

100. 10-бағанда алкоголь өнімдерінің әрбір түрінің өндірілген көлемдері көрсетіледі.

101. 11-бағанда басқа жеткізушілерден алынған алкоголь өнімінің әрбір түрі бойынша, сонымен қатар Қазақстан Республикасының аумағынан тысқарыдан алып келінген, бұрынғы сатылған өнімдердің қайтарылуы көрсетіледі.

102. 12-бағанда алкоголь өнімдерінің жалпы шығысы далл бойынша көрсетіледі (бағана 12 = бағана 13 + бағана 15 + бағана 16 + бағана 18 + бағана 19 + бағана 20).

103. 13-бағанда және 14 бағанда есепті айдың ішінде, ішкі нарыққа өткізілген алкоголь өнімінің көлемі, сәйкесінше далл және мың теңгеде көрсетіледі.

104. 15-бағанда өз құрылымдық бөлімшелеріне немесе заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне тиеп жөнелтілген алкоголь өнімінің көлемі көрсетіледі.

105. 16-бағанда және 17-ші бағанада есепті кезеңнің ішінде экспортқа өткізілген алкоголь өнімінің көлемі, сәйкесінше далл және мың теңгеде көрсетіледі.

106. 18-бағанда алкоголь өнімінің өндірістік шығыны көрсетіледі.

107. 19-бағанда алкоголь өнімінің орын алған өзге де шығыс көлемдері, бүлінуі, жоғалтылуы және тәркіленуі дал бойынша көрсетіледі.

108. 20-бағанда алкоголь өнімінің өзге де шығыс көлемдері, төтенше жағдайларға байланысты бүлінуі, жоғалтылуы дал бойынша көрсетіледі.

109. 21-бағанда есепті кезеңнің соңына, алкоголь өнімдерінің түрлері бойынша жалпы қалдығы көрсетіледі (бағана 21 = 8-бағана + 9-бағана – 12-бағана).

110. Алкоголь өнімін жеткізуші туралы мәліметтер есепті кезеңде басқа жеткізушілерден алу жағдайында, оның ішінде бұрында сатылған өнімді қайтару жағдайында 2-Декларацияның 1-қосымшаға сәйкес нысанында (бұдан әрі – 2-1-Мәліметтер) жеке немесе заңды тұлғалармен толтырылады.

111. «СОК» жолында 2-1-Мәліметтер тапсырылатын, салық органының коды

көрсетіледі.

112. «СТН» жолында салық төлеушінің СТН көрсетіледі.

113. «ЖИН/БИН» жолында салық төлеушінің ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

114. «Субъектінің атауы» жолында, 2-1-Мәліметтер тапсыратын алкоголь өнімін өндірушінің атауы көрсетіледі.

115. «Есепті кезең» жолында алкоголь өнімі өндіруші 2-1-Мәліметтерді табыс ететін есепті кезең көрсетіледі.

116. «Есептілік түрі» жолында қосымша немесе негізгі есептілік көрсетіледі.

117. 1-бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

118. 2-бағанда алкоголь өнімін өндіру қызметіне арналған лицензиядағы немесе лицензияға қосымшадағы көрсетілген қызметін жүзеге асыратын мекен-жайы көрсетіледі.

2-1-Мәліметтердің бағандары лицензиядағы немесе лицензия қосымшадағы көрсетілген алкоголь өнімінің өндірісі бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың әрбір мекен жайы бойынша бөлек толтырылады.

119. 3-бағанда жөнелту түрі көрсетіледі (ішкі нарықтан, Қазақстан Республикасына әкелу, заңды тұлғамен құрылымдық бөлімшелеріне, құрылымдық бөлімшелермен заңды тұлғасына).

120. 4-бағанда жөнелту мақсаты көрсетіледі (бұдан әрі сату үшін, осыдан әрі жеткізілген өнімді қайтару, құрылымдық бөлімшелері бойынша орнын ауыстыру және басқа да мақсаттарға).

121. 5-бағанда алкоголь өнім жеткізушінің СТН көрсетіледі.

122. 6-бағанда алкоголь өнім жеткізушінің ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

123. 7-бағанда алкоголь өнім жеткізушінің атауы көрсетіледі.

124. 8-бағанда алкоголь өнім жеткізушінің лицензиясының нөмірі көрсетіледі.

125. 9-бағанда алкоголь өнім жеткізушіге лицензиясының берілген күні көрсетіледі.

126. 10-бағанда Қазақстан Республикасына үшінші елдерден әкелінген алкоголь өнімінің көлемдері көрсетіледі.

127. 11-бағанда Қазақстан Республикасына Ресей Федерациясынан әкелінген алкоголь өнімінің көлемдері көрсетіледі.

128. 12-бағанда Қазақстан Республикасына Белорусиядан әкелінген алкоголь өнімінің көлемдері көрсетіледі.

129. 13-бағанда әкелінген алкоголь өніміне (шарап материалы мен сырадан басқа) жабыстырылатын есепке алу-бақылау таңбаларының (бұдан әрі – ЕАБТ), сериясы және нөмірлердің диапазондары көрсетіледі.

130. 14-бағанда Қазақстан Республикасына әкелінгеннен басқа есепті кезеңде алынған, бұрында сатылған алкоголь өнімінің көлемдері көрсетіледі.

131. 15-бағанда алынған алкоголь өніміне (шарап материалы мен сырадан басқа) жабыстырылатын ЕАБТ сериясы және нөмірлердің диапазондары көрсетіледі.

132. 16-бағанда акциз төленетін БКК көрсетіледі.

133. 17-бағанда алынған алкоголь өнімін түрі көрсетіледі.

134. 18-бағанда Қазақстан Республикасына импорты кезінде СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

135. 19-бағанда Қазақстан Республикасына импорты кезінде СЭҚ ТН атауы көрсетіледі.

136. 20-бағанда Қазақстан Республикасының импорты кезінде ТД нөмірі көрсетіледі.

137. 21-бағанда Қазақстан Республикасының импорты кезінде ТД рәсімдеу мерзімі көрсетіледі.

138. Алкоголь өнімін алушы туралы мәліметтер есеп кезеңінің ішінде өндірушімен алкоголь өнімін сату немесе жөнелту кезінде 2-Декларацияға 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – 2-2-Мәліметтер) жеке және заңды тұлғалармен толтырылады.

139. «СОК» жолында 2-2-Мәліметтер табыс етілетін, салық органының коды көрсетіледі.

140. «СТН» жолында салық төлеушінің СТН көрсетіледі.

141. «ЖИН/БИН» жолында салық төлеушінің ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

142. «Субъектінің атауы» жолында 2-2-Мәліметтерді табыс ететін алкоголь өнімін өндіруші «Субъектінің атауы» көрсетіледі.

143. «Есептік кезеңі» жолында алкоголь өнімін өндірушінің табыс ететін, аталған 2-2-Мәліметтердің «Есептік кезеңі» көрсетіледі.

144. «Есептің түрі» жолында есептің негізгі немесе қосымша түрі көрсетіледі.

145. 1-бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

146. 2-бағанда лицензия немесе лицензияның қосымшасында көрсетілген алкоголь өнімінің өндірісі бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың мекен-жайы көрсетіледі.

2-2-Мәліметтердің бағандары лицензия немесе лицензияның қосымшасында көрсетілген алкоголь өнімінің өндірісі бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың әрбір мекен жайы бойынша бөлек көрсетіледі.

147. 3-бағанда алкоголь өнімді жеткізудің түрі (экспортқа, ішкі рынокқа, өзіндік құрылымдық бөлімшелеріне, құрылымдық бөлімшелермен заңды тұлғасына) көрсетіледі.

148. 4-бағанда алкоголь өнімді тиеудің мақсаты (ары қарай өткізу, бұрынғы сатылған өнімдердің қайтарылуы, құрылымдық бөлімшелерге ауыстырылу және өзге де мақсаттар) көрсетіледі.

149. 5-бағанда алкоголь өнімін алушының СТН көрсетіледі.

150. 6-бағанда алкоголь өнімін алушының ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

151. 7-бағанда алкоголь өнімін алушының атауы көрсетіледі.

152. 8-бағанда алкоголь өнімін алушының лицензиясының нөмірі көрсетіледі.

153. 9-бағанда алкоголь өнімін алушының лицензиясының берілген уақыты көрсетіледі.

154. 10-шы және 11-бағанда ішкі нарыққа, экспортқа, өзінің құрылымдық бөлімшелеріне, құрылымдық бөлімшенің заңды тұлғасына сатылған алкоголь өнімінің көлемдері мен соммалары көрсетіледі, сәйкесінше далл және мың теңгеде.

155. 12-бағанда акциз төленетін БКК көрсетіледі.

156. 13-бағанда сатылған алкоголь өнімінің түрі көрсетіледі.

157. 14-бағанда жөнелтілген алкоголь өніміне жабыстырылған ЕАБТ сериясы және нөмірлердің диапазондары көрсетіледі.

158. 15-бағанда алкоголь өнімінің экспорты кезінде СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

159. 16-бағанда алкоголь өнімінің экспорты кезінде СЭҚ ТН атауы көрсетіледі.

160. 17-бағанда алкоголь өнімінің экспорты кезінде ТД нөмірі көрсетіледі.

161. 18-бағанда алкоголь өнімінің экспорты кезінде ТД рәсімдеу мерзімі көрсетіледі.

162. Алкоголь өнімінің өндірісіне шикізат балансын есепті кезеңде этил спирті немесе алкоголь өнімінен өндірілетін алкоголь өнімі өндірісінің көлемдерінің бар болған жағдайда 2-Декларацияға 3-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша (бұдан әрі – Шикізат балансы) жеке немесе заңды тұлғалармен толтырылады.

163. «СОК» жолында Шикізат балансы тапсырылатын салық органының коды «СОК» көрсетіледі.

164. «СТН» жолында салық төлеушінің СТН көрсетіледі.

165. «ЖИН/БИН» жолында салық төлеушінің ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

166. «Субъектінің атауы» жолында Шикізат балансын тапсыратын алкоголь өнімін өндіруші «Субъектінің атауы» көрсетіледі.

167. «Есептік кезеңі» жолында Шикізат балансын табыс ететін «Есептік кезеңі» көрсетіледі.

168. «Есептің түрі» жолында есептің негізгі немесе қосымша түрі көрсетіледі.

169. 1-бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

170. 2-бағанда лицензия немесе лицензияның қосымшасында көрсетілген алкоголь өнімінің өндірісі бойынша жеке немесе заңды тұлғалармен қызметін жүзеге асыратын мекен-жайы көрсетіледі.

Шикізат балансының бағандары лицензия немесе лицензияның қосымшасында көрсетілген алкоголь өнімінің өндірісі бойынша қызметін жүзеге асыратын әрбір мекен жайы бойынша бөлек жеке және заңды тұлғалармен толтырылады.

171. 3-бағанда акциз салығы төленетін БКК көрсетіледі.

172. 4-бағанда Қазақстан Республикасына шикізатты импорттау кезінде СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

173. 5-бағанда Қазақстан Республикасына этил спирті мен шарап материалын импорттау кезінде СЭҚ ТН көрсетіледі.

174. 6-бағанда шикізаттың атауы (этил спирті немесе шарап материалы) көрсетіледі.

175. 7-бағанда шикізатты жеткізушінің атауы көрсетіледі.

176. 8-бағанда бағанда шикізат жеткізушінің СТН көрсетіледі.

177. 9-бағанда шикізат жеткізушінің ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

178. 10-бағанда өндірушіде, есепті кезеңнің басында шикізаттың жалпы қалдығы көрсетіледі.

179. 11-бағанда шикізаттың жалпы көлемінің кірісі көрсетіледі.

180. 12-бағанда алкоголь өнімінің өндірісіне жұмсалған, жалпы шикізаттың көлемі көрсетіледі.

181. 13-бағанда өндіріс паспорты бойынша 1 дал алкоголь өнімінің өндірісіне жұмсалатын шикізаттың мөлшері көрсетіледі, дал есебінде.

182. 14-бағанда есепті кезең бойынша өндірісте шикізаттың жоғалтылуы көрсетіледі, дал есебінде.

183. 15-бағанда өндірілген өнімнің түрі көрсетіледі.

184. 16-бағанда өндірілген алкоголь өнімдегі (сырадан басқа) сусыз спиртінің пайыздық құрамы көрсетіледі.

185. 17-бағанда өндірілген алкоголь өнімнің көлемі көрсетіледі.

186. 18-бағанда шикізаттың өзге де шығыс көлемдері, бүлінуі, жоғалтылуы және тәркіленуі көрсетіледі, далмен.

187. 19-бағанда шикізаттың өзге де шығыс көлемдері, төтенше жағдайларға, байланысты бүлінуі, жоғалтылуы көрсетіледі, далмен.

188. 20-бағанда есепті кезеңнің соңына, шикізаттың жалпы қалдығы көрсетіледі (20-бағана = 10-бағана + 11-бағана – 12-бағана – 14-бағана – 18-

баған – 19-баған).

189. 21-бағанда есепті кезеңнің басындағы алкоголь өнімінің өндіру кезеңдегі шикізаттың көлемі көрсетіледі.

190. 22-бағанда есепті кезеңнің соңындағы алкоголь өнімінің өндіру кезеңдегі шикізаттың көлемі көрсетіледі.

191. Алкоголь өнімінің айналымы бойынша декларациясы (бұдан әрі – 3-Декларация) алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сатуға лицензиясының негізінде осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес алкоголь өнімінің айналымын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар тапсырады.

192. «СОК» жолында 3-Декларация тапсырылатын салық органын коды көрсетіледі.

193. «СТН» жолында салық төлеушінің СТН көрсетіледі.

194. «ЖИН/БИН» жолында салық төлеушінің ЖИН немесе БИН көрсетіледі, оның бар кезінде.

195. «Субъектінің атауы» жолында алкоголь өнімін сақтауды және (немесе) көтерме сатуды жүзеге асыратын және 3-Декларация табыс ететін жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

196. «Есепті кезең» жолында 3-Декларацияны табыс етілетін есепті кезең көрсетіледі.

